***Түркістан облысы***
***Төлеби ауданы***
***«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ***

***Қосымша білім беру педагогының 2023-2024 оқу жылында атқарған іс-шаралардың жылдық жұмыс есебі***



**Қосымша білім беру педагогы: Ш.Адилова**

***2023-2024 оқу жылы***

**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп»КММ**
**Қосымша білім беру педагогының 2023-2024 оқу жылында атқарған жылдық жұмыс есебі**

**Мақсаты:**

- Қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру

**Міндеттері:**

- Оқу бағдарламаларын іске асыру, сапалы құрастыру, орындау.
- Әр оқушының бейімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қамтамасыз ету.
- Қосымша білім беру мекемелерімен байланысты нығайту.
- Тұлғаның жан-жақты қалыптасуына және өзін-өзі табысты ұстанымдарға бағыттай алуға қажетті жағдай жасау.
- Қоғамдық өмірде икемді тұлғалық және кәсіби сапаларға ие тұлға қалыптастыру.

**Өзектілігі:**

- Қосымша білім беру арқылы тұлғаның білім алу икемін арттыруға, **өзін-өзі тәрбиелеудің ғылыми деңгейін ұйымдастыруға,танымдық белсенділігі мен еңбекке көзқарасын, қарым-қатынас арқылы өмір сүру икемділігін, мінездегі ерекшеліктері мен ішкі мүмкіндіктерін ескеру арқылы жеке тұлға қалыптастыру**

2023-2024 оқу жылының **04.09 - 8.09. 2023** күндері оқушылардың сыныптан тыс уақытын тиімді пайдалануға, балалар мен жасөспірімді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру мақсатында 1-11 сыныптар арасында мектепте пәндер бойынша үйірме жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылардан сауалнама алынды.Сауалнаманы негізге ала отырып оқушылар үйірмелерге тартылды.Үйірме сабақтарының жоспары жасалды және бекітілді. Үйірмеге жетекшілік ететін және жауапты мұғалімдер бекітілді.Үйірмелерге қатысатын оқушылар тізімі алынды 396оқушы үйірмелерге қатысады .Мектебімізде 17 үйірме бар.Оқу сабақтарын жүргізу кезіндегі еңбекті қорғау техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің нұсқаулығымен таныстырылды, нұсқау берілді.

| № | Үйірме атауы | Үйірме жетекшісі | Сынып | Оқушы саны | Уақыты | Өтетін орны | Өтетін күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Ертегілер әлемі» | У.Ирисбекова | 1-4 | 25 | 14:00-14:45 | АКТ зал | дүйсенбі |
| 2 | «Театр және балалар» | Ф.Абдизова | 5-11 | 25 | 14:00-14:45 | АКТзал | сейсенбі |
| 3 | «Колонер» | У.Тойчиев | 5-6 | 17 | 14:00-14:45 | №1 | сәрсенбі |
| 4 | «Шебер қолдар» | У.Баймстова | 5-10 | 20 | 14:00-14:45 | №2 | жұма |
| 5 | «Ағашпен жұмыс» | У.Тойчиев | 5-9 | 15 | 14:00-14:45 | №3 | дүйсенбі |
| 6 | «Ақ қайың» | Б.Шадибеков | 1-11 | 60 | 14:00-14:45 | АКТ зал | сейсенбі |
| 7 | «Еркін күрес» | Б.Муталов | 5-10 | 20 | 14:00-14:45 | Спорт зал | сәрсенбі |
| 8 | «Волейбол» | М.Адилов | 5-10 | 36 | 14:00-14:45 | Спорт зал | жұма |
| 9 | «Сұлтан - Қыран» | Р.Дехканов | 10-11 | 16 | 14:00-14:45 | III э фойе | дүйсенбі |
| 10 | Баскетбол,футбол | Ф.Кудашов | 5-11 | 24 | 14:00-14:45 | Спорт зал | сейсенбі |
| 11 | «Шахмат шашка» | М.Адилов | 5-11 | 40 | 14:00-14:45 | Спорт каб | сәрсенбі |
| 12 | Жеңіл атлетика | Б.Муталов | 5-11 | 10 | 14:00-14:45 | I э фойе | жұма |
| 13 | «Жас қаламгер » | М.Юнусова | 6-11 | 20 | 14:00-14:45 | Акт | сейсенбі |
| 14 | «Жас тілші» | Г.Жамалбаева | 2-11 | 20 | 14:00-14:45 | Акт зал | сәрсенбі |
| 15 | «Ұшқыр ой алаңы» | Н.Нуриддин | 5-11 | 24 | 14:00-14:45 | Кітапхана | жұма |
| 16 | «Робототехника» үйірмесі | С.Юнусов | 9-11 | 8 | 14:00-14:45 | №21 | дүйсенбі |
| 17 | Көркем жазу | С.Жорабекова | 1 | 16 | 12:00-12:45 | №5 | сейсенбі |

**7.09.2023 жыл күні: 7 сыныптар арасында «Тил миллатнинг кузгуси»** Өткізілді. 7 «А» сынып оқушылары жеңімпаз атанды.

**11.09.2023 жыл** күні апталық жоспар құрылды,апталық жоспармен таныстырылды. Өткізілетін іс шараларға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтары мен шапшаңдықтарын танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, өз ойларын еркін де шешен сөзбен дәлелдеуге үйрету, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Ұшқыр ой мен шешен тіл» тақырыбында интелектуалды ойын өткізілді.9 сынып оқушылары қатысты. I орын 9 «Б» сынып оқушылары,II орын 9 «А» сынып оқушылары ,9 «В» оқушылары III орын ға ие болды.

**12.09.2023 жыл** Мақсаты:оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп,өануына, мемлекеттік тілімізді сүюге,мемлекеттік тілді мәртебесін биік ұстау.Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту,сөздік қорын молайту мақсатында мектеп оқушылар арасында «Өлең – сөздің патшасы,сөз сарасы» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.сайыста I орын 4«А» сынып оқушылары,II орын 4 «Б» сынып ,3 «Б» оқушылары , III орын 3 «А» 4 «А»оқушылары III орын ға ие болды.Жеңімпаз оқушылар марапатталды.

**13.09.2023 жыл** Оқушыларды ана тілін сүюге, қадірлеп, қастерлеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін ояту мақсатында ««Тілге құрмет -елге құрмет» Ұлт ұстазы А.Байтұрсын ұлының шығармашылығы» бойынша эссе жазу байқауы өткізілді.Байқауда жеңімпаз 9 «Б» сынып оқушысы Балтабаева Дилафруз болды.

**14.09.2023 жыл** Оқушылардың ой- өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту мақсатында 9-11 сыныптар арасында «Даналық бейсенбі» шарасы өткізілді. Шараны орыс тілі мұғалімі Н.Умрзакова ұйымдастырды. Білім сайысында оқушылар өз білімдерін сынады. Нәтижесінде 11 сынып оқушылары I орын, 9 «В» сынып оқушылары II орын, 9«Б» сынып оқушылары III орынға ие болды

**15.09.2023 жыл** «Ұшқыр ой алаңы» клубының мүшелері кезекті отырысы өткізілді. ДТІЖО А.Тунгушбаева және клуб мүшелері; шаңырақтар қатысты. Күн тәртібінде 3 мәселе талқыланды. «Ұшқыр ой алаңы» клубы –бұл белгілі бір ережелерге сәйкес өткізілетін арнайы пікірталас нысаны ретінде 11.09.2021 жылдан бастап мектепте құрылғандығын туралы айтты.Оқушылардың шешендік шеберліктерін,көсбосшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін еректі түрде құрылған оқушылардың қоғамдық ұйымы екенін айтты.мақсат міндеттерімен таныстырды.Клубтың жаңа төрағасын дайындау бойынша дауыс беру.Үміткелер 11 сынып оқушысы Убайдуллаева Наргиза -18 дауыс ,Икрамова Жасмина -12 дауыс, 9 «А» сынып оқушысы Шарафидинов Ахрор – 7 дауыс.Оқушылардың таңдауы бойынша екінші кезеңіне келесі үміткерлер өтті Ең көп ұпай жинаған үміткер жеңіске жетті.Дауыс берудің барлық қорытындысы бойынша«Ұшқыр ой алаңы» клубының Президенты Убайдуллаева Наргиза болды.5-11 сыныптар бойынша 24 оқушы дебат клубынның мүшелері болды.Қыркүйекке арналған жұмыс жоспарын талқыланыды.

**19.09.2023** жыл күні Еліміздің ертеңі боларлық жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда жас оқырманның кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында бастауыш сынып оқушыларына «Қош келдің жас оқырман» тақырыбында Таңғажайып саяхат ұйымдастырылды.

Бұл мерекеге сай кітапхана іші безендіріліп, кітапханашылар ертегілер әлеміне бүлдіршіндерді саяхатқа шақырды. Оқырмандар алуан түрлі кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен таныстырды, «Бірінші оқырманы» деген атаққа Махкамбек Элер 1 «А» сынып оқушысы ие болды.

**20.09.2023** жыл күні Салауатты өмір салтынnасихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсыкүрес: «Мектеп спортыиаталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция өткізілді.Жеңімпаз 9 «А»сынып І орын, ІІ орын 8 «Б» сынып,ІІІ орын 9 «в» ие болды.

**21.09.2023** жыл күні 5-бсынып оқушылары арасында дебат клубының «Диолог жүргізу мәдениеті» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.,оқушылар өз араларында дебат ойынын ойнап қорытынды жасады.Оқушылар жұмыстарын қорғап өзіндік сөйлеу мәдениеті қалыптасты.

**26.09.2023** жыл күні балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында бастауыш сынып оқушыларына кітапханаға« ертегілер әлеміне саяхат» ұйымдастырылды.Оқушылардың көңіл күйі көтерілді.

**27.09.2023** жыл күні өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын дамыту мақсатында 5-11 сыныптар арасында «Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет салу байқауы өткізілді.

І орын 7 «А»сынып оқушысы Латифова Хадича, ІІ орын 8 «А»сынып оқушысы Исабекова Чарос, ІІІ орын 5 «А» сынып оқушысы Газибаева ие болды.

Байқаудың мақсаты: қазақстандық патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілік және Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге тәрбиелеу, жоғары адамгершілік, рухани дамыған және әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру.Байқау рухани-адамгершілік, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға, балалардың шығармашылық, зияткерлік дағдыларын,

балалардағы сыни ойлауды дамыту мақсатында 4-5 сыныптар арасында «Қазақстан-арман елі. Біз Отанымызды мақтан тұтамыз» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. Байқауда I орын 4 «Б» сынып оқушысы Нугматжан Сабина ,II орын 5«А» Газибаева Мехримах,III орын 4 «А» сынып оқушысы Юлдашова Шахруза ие болды.

**28.09.2023 жыл күні** Волейбол ойындарын үйрету барысында оқушыларды икемділікке,ептілікке, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту мақсатында волейбол бойынша үйірме жетекшісі М.Адилов ұйымдастырды. Жарыс ережелерімен таныстырылды.7сыныптар арасында7 «Б» сынып оқушылары жеңімпаз атанды.

**29.09.2023 жыл күні** Айтыс өнерін насихаттау,болашақ ұрпаққа айтыстың құндылығын жеткізу мақсатында 9 сыныптар арасында "Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы" тақрыбында дебат өткізілді. Екі фракция қатысты Әділдік тобы жеңімпаз атанды. Қатысушылардың мақсаты берілген тақырып бойынша көлемді түрде ақпарат берді, өз дәлелдемелерін қорғап шықты. Мирхамедова Гулдняна және Шерметова Элнора үздік спикер атанды

**17.10.2023 жыл** Оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлықтары мен шапшаңдықтарын танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, Жас ұрпақтың рухани өсуіне, шахмат теориясын үйрену, әр түрлі ойындарды есте сақтай білуге үйрету.-Оқушылардың ой-өрістерін, қызығушылығын және логикалық қабілеттерін дамыту мақсатында «Шашка ,шахмат ақыл ой спорты 5-6 сыныптар арасында жарысы өткізілді. 5 «А» сынып оқушысы Аскарддинова Хадишабану жеңімпаз атанды
**18.10.2023 жыл** Өскелең ұрпақты өз отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру, бауырмалдық, мейірімділік сезімін ояту, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор жасау, сыпайы, ізгіпатты болуға тәрбиелеу мақсатында кітапханашы А.Каракулова Отан отбасынан басталады" тақырыбында кітап сөресін ұйымдастырды
**19.10.2023 жыл** оқушылар бойындағы дарындылық қабілеттерін ашу, кітап оқуға құмарлығын арттыру,рухани - адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында 1 «Ә» сынып оқушылары «Маған ұнайтын кітап» тақырыбында іс шара ұйымдастырылды сынып оқушылары өзі ұнатқан ертек кітаптарды қолдарына алып қызықып оқыды . үш оқушы ертек айтып берді .Оқушыларға кітапханадағы түрлі ертек кітаптарі ұнады.
**20.10.2023 жыл** жыл күні үйірме жұмыстары бойынша талдау жасалды. «Жеңіл атлетика » үйірме жетекшісі Б.Муталов . Жоспар жасалынып бекітілген .Үйірме өз уақытысында өтіледі.Жоспарға сай, оқушылардың белсенді қатысады.Оқушылар түгел қатысады. «Ұшқыр ой алаңы» дебат

дебат клубының жұмысы қанағаттанарлы.

**24.10.2023 жыл** оқушылар бойындағы дарындылық қабілеттерін ашу, кітап оқуға құмарлығын арттыру,рухани - адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында 1 «Ә» сынып оқушылары «Маған ұнайтын кітап» тақырыбында іс шара ұйымдастырылды сынып оқушылары өздері оқыған ертеклерін мазмұндап берді.

**25.10.2023 жыл** оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу;оқушылардың өз құқықтарын қорғай білуге үйрету,оқушыларды патриоттық тәрбиеге баулу,мақсатында тарих пәні мұғалімі Камбарова Малика «Сыбайлас жемкорлық ғасыр дерті» тақырыбында 9 «А» сыныбында пікірталас өткізді.Оқушылар керемет қатысты оқушылардың жауаптарына қарай білімдері бағаланады. Мирхамидова және Гаипова үздік спикер атанды.Дебатқа мектеп директоры қатысты. Дегенмен, оқушылар жақсы дайындалған, белсенділігінің жақсы екендігін айтты. Қарсылас сөзін бөлмей,соңына дейін тыңдау ,қарсыласқа сұраққа жауап берген соң,алғыс айту,регламент сақтау керектігі айтылды.

**26.10.2023 жыл** оқушылар бойындағы дарындылық қабілеттерін ашу, кітап оқуға құмарлығын арттыру,рухани - адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мақсатында 3 «А» сынып оқушылары «Маған ұнайтын кітап» тақырыбында іс шара ұйымдастырылды сынып оқушылары өзі ұнатқан ертек кітаптарды қолдарына алып қызықып оқыды. Оқушылармен сұрақ жауап өткізілді. Оқушылар белсенді қатысты.

**27.10.2023 жыл** күні үйірме жұмыстары бойынша талдау жасалды. «Театр және балалар » үйірме жетекшісі Ф.Абдазова . Жоспар жасалынып бекітілген Үйірме өз уақытысында өтіледі.Жоспарға сай, оқушылардың белсенді қатысты.Оқушылар түгел.

**Қараша айында өткізілген іс – шаралар**

**7.11.2023 жыл** «Берекелі күз» 5-6 сыныптар сурет салу байқауы I орын 6 «А» сынып оқушысы Газибаева Жасмина, II орын 6«В» сынып оқушысы Пашаева Лазат,6 «В» сынып оқушысы Хаджиев Жамол ие болды.

**8.11.2023 жыл** Балаларды кітапханаға тарту, кітапқа деген құрмет, сүйіспеншілдікті қалыптастырып, дамыту. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітапты күтіп ұстауға үйрету мақсатында *«Кітаппен дос бол» 3 ,4 сыныптар мен кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.*

**9.11.2023 жыл** «Ұлттық мектеп лигасы «Төрт тоқсанға төрт шара» жобасы)«Асық ату» 2-4 сынып оқушылар арасында өткізілді .I орын 2 «А» сынып оқушылары, II 4 «Ә» сынып орқушыларыорын IIIорын 3 «Б» сынып оқушылары ие болды.

**10.11.2023 жыл «Ұшқыр ой алаңы»** клубының отырысы өткізілді.Аудандық өткізілетін дебат тақрыптары берілді.Дебатқа 9 сынып оқушылары Мирхамидова Гулдиана және Гаипова Севгина жолдама алды.Өткізілген іс-шаралар бойынша есептер ,талдау жасалды

**10.11.2023 жыл «Ұшқыр ой алаңы»** клубының отырысы өткізілді.Аудандық өткізілетін дебат тақрыптары берілді.Дебатқа 9 сынып оқушылары Мирхамидова Гулдиана және Ганпова Севгина жолдама алды.Өткізілген іс-шаралар бойынша есептер ,талдау жасалды

**15.11.2023 жыл** Оқушыларды адамгершілік құндылықтар әлеміне тарту болып табылады. қоршаған әлемге махаббат және қуаныш сыйлап, сезімталдық, мейірімділік, рақымдылық көрсетіп, мейірімді болуға үйрету, өзара түсінушілік пен ынтымақтастық арқылы шығармашылық қабілеттері мен жағымды эмоцияны дамыту мақсатында салу 3-4 сыныптар арасында «Бақытты балалық шақ» асфалтқа сурет салу байқауы өткізілді. I орын 2 «А» сынып,II орын 3 «Б » сынып ,III орын 4 «Ә» не болды.

**16.11.2023 жыл** оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арта түсіріп,қаншалықты кітап оқитындарын анықтау.Оқушы бойында өз бетімен кітап оқып білім алуға дағдыландыру,білімнің кітапта екенін ұғындыру,кітапты оқуға бағалауға тәрбиелеу, Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Менің сүйікті кітабым» 5-6 сыныптар эссе жазу байқауы өткізілді.I орын 6 «А» сынып оқушысы Ғазибаева Жасмина, II орын 6 «б» сынып оқушысы Нугматжан Зилола ,III орын 5 «А» сынып оқушысы Аскарддинова Хадичабану не болды.

**17.11.2023 жыл күні** балалардың күз мезгілі туралы білімдерін нақтылау, әртістік қабілеттерін дамыту, күз мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету,күз мезгілінің ерекшеліктерін бағалай білуге, табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу. «Күзгі бал» мерекесі 8-10 сыныптар арасында өткізілді.I орын II орын III орын не болды.Күзгі бал өте қызықты, тартымды әрі көңілді өтті.

**21.11.2023 жыл** оқушыларға қазақ,өзбек ,күрд халқының салт- дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып,салт- дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Тәрбие негізі – салт дәстүрде» тақырыбында 8-9 сынып оқушылар арасында пікірталас ұйымдастырылды. 9 «В» сынып оқушысы Темирова Жасмина үздік спикер атанды.

**22.11.2023 жыл** «Ұлттық дәстүр тәрбиенің кені» Оқушылардың халық дәстүрі туралы ұғымдарын кеңейту. Қазақ халқының қанына сіңген ізгі адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт - дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру; Тәрбиелік мәні бар салт – дәстүрлерді бойына сіңіру. Күтілетін нәтижелер: Халық дәстүрінің маңыздылығы туралы түсінеді. Халық дәстүрінің мәнін түсініп, оны қадірлеп, бағалай білу дағдылары қалыптасады. Топтық жұмыс арқылы оқушылар өзара пікір алмасып, ортақ тұжырымға келеді. Тақырып бойынша өз ойларын айта алады, өздігінен қорытынды шығара алады. 9 «А» сынып оқушысы Ганиева Севгина үздік спикер атанды.

**23.11.2023 жыл** Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу,мақсатында бастауыш сынып оқушылары кітапханаға саяхатқа шықты. Ертегілердегі кейіпкерлері мен танысты.

**24.11.2023 жыл** оқушыларды және ата - аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Оларға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауат тану – адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мақсатында« 3-4 сынып оқушылар арасында«Әкем ,анам,інім және мен» отбасылық жарыс өткізілді.І орын 4 «Б» сынып ,ІІ орын 3 «Б» сынып ІІІ орын 4 «А», 3 «А» сынып оқушылары ие болды

**29.11.2023 жыл** күні 10-8 сыныптар арасында «Менің Отаным -менің отбасым» тақырыбында аудандық дебат турнирі өткізілді.Дебатқа 9 сынып оқушылары қатысыты. Ганиева Севгина **«Үздік оратор»** номинациясымен марапатталды

**30.11.2023 жыл** күні **«Ұшқыр ой алаңы»** клубының отырысы өткізілді.Қараша айында өткізілген дебаттар қанағаттанарлы.Барлық дебаттар өз уақытысында өткізілді.Келесі дебаттың тақырыбы «Тәуелсіздік мәңгі болсын тұғырың» мектепішілік пікірсайыс турнирі ережесімен таныстырылды.Бұл дебатқа 10-8 сыныптар қатысады. 7 қарар ойналады

**Желтоқсан айында өткізілген іс шаралар**

**5.12.2023 жыл** күні оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның

бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету Зорлық -зомбылық адам ағзасына тікелей зеқр ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында кітапханашы А.Каракулова мектеп оқушыларына «Отбасындағы зорлық зомбылық өзекті мәселе» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырды.

**6.12.2023 жыл** Шаңырақтар арасында ата- аналармен **«Жеңісіме! Тәуелсіздікке арнаймын!»**(«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) бойынша Шахмат,дойбы,стол теннисі, тоғыз құмалақ ойындары өткізілді. **Дойбы** бойынша I орын Қазығұрт ,II орын Түркістан,III орын Қыран.**Тенис** бойынша I орын Түркістан шаңырағы II орын Киелітас,III орын Төлеби.**Ата аналар бойынша** I орын «Қазығұрт»,II Түркістан III орын Қыран шаңырағы ие болды.**Шахмат бойынша** Төлеби I орын,Қазығұр,II орын Түркістан,III орын Қыран.**Тоғыз құмалақ бойынша** I орынТөлеби,II орынКиелітас, III орынҚыран шаңырағы ие болды. Оқушыларға қазақ халқының ерлігін, даналығын паш ету, оның ізгі қасиеттерін ардақтап, өнеге тұту. Отанды, елін, туған жерін сүюге тәрбиелеу, патриоттық сезімін ояту мақсатында шаңырақтар арасында **«Желтоқсан Ызғары»эссе жазу байқауы** өткізілді.I орын Түркістан,II орын Қазығұрт,III орын Жыланбұзған шаңырағы ие болды.
**7.12.2023 жыл** «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) шаңырақтар арсында ұлттық ойындар өткізілді.I орық Жыланбұзған шаңырағы,II орын Киелітас шаңырағы,III орын Қыран шаңырағы ие болды.

**8.12.2023 жыл** 9 сыныптар арасында «География лидері» Сайыс сабақ өткізілді.Сайыс екі топ қатысты. «Каспи» тобы белсенді қатысып «География лидері» атанды.

**3.01.2023 жыл** Оқушыларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу.Ойын арқылы балалардың адамгершілік,адалдық,әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру,сөздік қорларын дамыту; - ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру; - ұлттық ойындарды ойнай отырып,өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып,салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыру. - жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру мақсатында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» тақрыбында жарыстар өткізілді. Асық ату,тоғызқұмалақ,қол күрес,арқан

тартыс бойынша жарыс өткізілді. Жарыста 5 «А» сынып оқушылары жеңімпаз атанды.

**4.01.2023 жыл** «Спорт- денсаулық кепілі!» тақырыбында М.Адиловтың ұйымдастыруымен спорттық іс-шара өткізілді. Іс-шарамыздың басты мақсаты: Оқушылардың дене шынықтыру сабағына қызығушылығын арттыру. Оқушыларды спортқа ынталандырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.Іс шараға 7-10 сынып оқушылары қатысты. 9 «Б» I орын, 10 сынып II орын, 9 «А» сынып III орынға ие болды.

**5.01.2023 жыл** Оқушыларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Балаларды жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, жауапкершілік сезімдерін дамыту мақсатында «Бағдаршам» жобасы бойынша үйірме жетекшісі С.Юнусов 10- 11 сыныптарға түсіндіру жұмыстары жүргізді. Жол қозғалысы ережелерін, ең бастысы – бағдаршам арқылы көшені алай дұрыс өту керектігін еске салды.Оқушыларға ертегі туралы айту, оның түрлерін бөле білу. Ертегілердің кейіпкерлеріне мінездеме бере білуге үйрету. Оқушылардың ойлау, есте сақтау, еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту. Оқушыларды ертегіні сүюге тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Ертегілер әлемі» үйірмесі жұмыс жүргізеді.Үйірме жетекшісі У.Ирисбекованың ұйымдастыруымен 2-4 сыныптар арасында «Ертегілер әлемі» атты театрлық қойылымдар сайысы өтті.4 «А» сынып оқушылар жақсы қатысты. Жас әртістердің сахна мәдениетін сақтауы, сахналық киімі, образды бейнелеу шеберліктері сараланып, ерекше көзге түскен оқушылар арнайы дипломдармен марапатталды.

**9.01.2023 жыл** қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру,оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту,көпшілік алдына өзін-өзі ұстай білу, әдептілікке, мейірімділікке, сұлулыққа, шебер болуға, іскерлікке тәрбиелеу мақсатында үйірме жетекшісі У.Байметова көрме ұйымдастырды.6 «А» сынып оқушылары және 5 «А» сынып оқушылары белсенді қатысты.

**10.01.2023 жыл** күні «Ертегілер – жақсылыққа жетелер» дайындық жұмыстары жүргізілді үйірме жетекшісі У.Ирисбекова театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамытуда,олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыру мақсатында «Мақтаншақ аю» ертегі сахналық қойылым қойылды. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін рөлін тамаша ойнады.Сахналық қойылым оқушыларға жағымды әсер қалдырды.

**11.01.2023 жыл** «Ұшқыр ой алаңы»дебат клубының жетекшісі Н.Нуриддин» 8- 9 сынып оқушылары арасында «БІЛ: балаларға ерте табыс табуды үйрету олардың болашағы үшін маңызды деп есептейді» мектепішілік пікірсайыс турнирі ережесімен таныстырылып дебат өткізілді . Дебатта екі фракция ойнады.

Әр бір қатысушыға сөйлеуге 4-5 минут көлемінде беріледі. Қатысушылар мақсаты берілген тақырып бойынша дәлелдемелерін қорғап шықты.Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Лидер тобының тобының спикеры 9 «А» сынып оқушысы Мірхакимова Фарангиз үздік спикер атанды.

**23.01.2024 жыл** Оқушылар жиыны өткізілді.Өткізілген байқау,конкурстар,іс-шара бойынша белсенді қатысқан оқушылыр,шаңырақтар марапатталды.

«Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының мүшелері мен отырысы болды.Отырыста «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты аудандық пікірсайыс турнирінің ережелерімен таныстырылды. Келесі аптада 9 сынып оқушылары.«Құқықтық сауаттылық – заман талабы» тақырыбында мектепішілік дебат өткізіледі. Қатысушылардың мақсаты берілген тақырып бойынша көлемді түрде ақпарат беру өз дәлелдемелерін қорғап шығуы және тақрыпты ашып беруі керек.

**24.01.2024 жыл күні** оқшылардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету,ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге , ертегіге деген қызығушылығын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында орыс тілі пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларына **«Гуси- лебеди»** сахналық қойылым қойылды.Сахналық қойылым оқушыларғаге тамаша көңіл күй сыйлады.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында: Кітаптың мәртебесін көтеру, кітап оқуды сәнге айналдыру, өмір бойы өзін-өзі жетілдіруді және білім беруді қолдау мақсатында кітапханашы А.Каракулованың ұйымдастыруымен **«Мен оқыған бір ертегі»** тақырыбында 3 сыныптар оқшыларымен еркін әңгімелесу өткізілді.4 «А»және 2 «Ә» сынып оқушылар 3 сынып оқушыларына сахналық қойылым қойды.Оқушылар рөлдерін керемет ойнады. 3 сынып оқушыларына «Шалғам» ертегісін қою берілді.

**25.01.2024 жыл** Ойын кезінде өзін - өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ойын кезінде әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге , денсаулықтың қадірін, бағалы байлық екенін түсіндіру және оны сақтаудың жолдарын түсіндіру мақсатында 6 сыныптар арсында «Көңілді старт»өткізілді.Оқушылар ойын барысында сұрақтарға жауап берді. 6 «А»

сынып оқушылары І орынға ие болды, 6 «Б» сынып оқушылары ІІ орынға ие болды,6 «В» сынып оқушылары ІІІ орынға ие болды.

оқушылардың ойлау қабілетін,ойұшқырлығын, оқуға ынтасын арттыру мақсатында «Даналық бейсенбі» зияткерлік сайыс шаңырақтар арасында өткізілді. Әрбір кезеңі қызықты,оқушылардың белсенділіктерін арттырды,пәндер бойынша білімділіктері сыналды. І орын «Киелітас» шаңырағы , ІІ орын «Астана», ІІІ орын «Қыран» ие болды
3 «А»,3«Б» сынып оқушылардың математика пәнінен жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алмауы деп тауып, оның себебі жоғары деңгейдегі математикалық пайымдау деңгейінің төмендігі деп анықтадық. Осы проблеманы шешу жолында сабақ құрылымы, әдіс-тәсілдердің тиімділігі, кері байланыстардың берілуі, математикалық сауаттылықты жетілдіру тапсырмаларының қолдану жолдары әзірленді.математика сабақ барысында оқушыларға тапсырмалар берілді.Нәтижесінде еркін сөйлейтін оқушылардың саны арта бастады.

**26.01.2024 жыл** 8сыныптар арасында "Бүгінгі заманның құндылығы неде?тақырыбында дебат өтті .Ойын барысында жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар,рухани -мәдени мұралар сабақтастығы сақтайды отырып тәрбиелеудің маңызы қарастырылды. 8 «А» сынып оқушысы Умирзакова Мадина үздік спикер атанды.
**29.01.2024 жыл күні** апталық жоспар құрылды,апталық жоспармен таныстырылды. Өткізілетін іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілді. 30.01.2023 жыл Оқушылар жиыны өткізілді.Өткізілген байқау,конкурстар,іс-шара бойынша белсенді қатысқан оқушылар,шаңырақтар марапатталды.
1-4 сынып Оқушылар арсында бейнелеу өнерін дәріптеу ,шығармашылық қабілеттерін дамыту,шеберліктерін шыңдау,эстетикалық талғамдарын дамытып, табиғатты сүюге баулу мақсатында "*Қыс қызығы*" тақырыбында *сурет* байқауы болып өтті. І орын 6 «А» Бахадиров Азиз, 6 «А» сынып оқушысы Камилжанова Ширин, 5 «Ә» Темурова Дила ІІ орын, 4 «Ә» сынып оқушысы Усенов Нариман,Алиева Ясмин ІІІ орынға ие болды.

**31.01.2024 жыл күні кітапханашы А.Каракуловамен 8 сыныптар арасында** көркем әдебиет оқып,шығарманы талдау бойынша жұмыс жүргізілді.
Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керектігі айтылды. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі.
Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де анық болуы талап етілді. Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғауына, пікір айтуына ықпал жасалды. Оқушылар көркем шығарманы оқып біткен мерзімде, ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұнын айту керек еді, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндауы, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтіруі, ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі?» деген сұрақтарға жауап беруы керек

.Оқушыларға тапсырма берілді.Шығарманы оқып өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндап берүі керек.

**1.02.2024 жыл** Ертегінің мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идеяны түсіндіру. Оқушылардың ой қорыту, пікір айту, өз беттерімен ертегіні талдау, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіру мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Мен ертегі айта білемін» тақырыбында оқушылар өздері білген ертегіні достарына айтып берді. 1 «А» сынып оқушылары «*Жеті лақ*» ертегісін рөлдерге бөліп айтып берді.Мазмұнын толық біледі, кез келген эпизодты жүйелі мазмұндайды. Сөз қоры жеткілікті.Кей бір оқушылар мазмұнын біледі, бірақ эпизодтар толық емес, мұғалімнің, сыныптастарының көмегі қажет.Баяндауында сөз жұтаңдығы байқалады.
Оқушылар ертек айтуды жақсы көреді.

**5.02.2024 жыл күні** апталық жоспар құрылды,апталық жоспармен таныстырылды. Өткізілетін іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілді.
Г.Жамалбаева «Мен тілші болсам» тақырыбында оқушылармен сұхбат өткізді.Журналистикада ақпарат алу әдістерінің бірі болып табылатындығын айтты.Мақсатына байланысты сұхбат түрлері айтылды.
**6.02.2024 жыл күні** Оқушылар жиыны өткізілді.Өткізілген байқау,конкурстар,іс-шара бойынша белсенді қатысқан оқушылар,шаңырақтар марапатталды.
Кітапханашы А.Каракуловамен 5 сыныптар арасында көркем әдебиет оқып,шығарманы талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Көркем шығарманы талдамас бұрын оны дауыстап оқып, дауыстап жеткізу керектігі айтылды. Оқушылар көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқиды, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де анық болуы талап етілді. Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғауына, пікір айтуына ықпал жасалды. Оқушылар көркем шығарманы оқып біткен мерзімде, ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұнын айтып берді, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндады, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтірді, ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі?» деген сұрақтарға жауап берді.Оқушыларға тапсырма берілді.5-11 сынып оқушылар арасында «Талантты жастар» эссе жазу байқауы өткізілді.I орын Хажиматова Дияна,II орын Ганпова Сарвиноз,III орынИкрамова Асал не болды.

**7.02.2024- 8.02.2024 жыл** күндері 7 - 6 сынып оқушыларымен **«Бір сынып бір кітап»**көркем әдебиет оқып шығарманы талдау жұмыстары жүргізілді. 6 «А»,7 «А»сынып оқушылары мен көркем әдебиет оқып,шығарманы талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Көркем шығарманы талдамас кітап оқу ережесімен таныстырылды.Оқушылармен бірге көркем шығармамен жұмыс істей отырып, олардың ойлауына, толғауына, пікір айтуына ықпал жасалды. Оқушылар көркем шығарманы оқып біткен мерзімде, ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы мазмұнын айтып берді, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндады, бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтірді, ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, «Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі?» деген сұрақтарға жауап берді.Оқушыларға тапсырма берілді. 7 «Б»,6 «Б» сынып оқушылары белсенді қатысты .7 «В» ,6 «В» сынып оқушылары көбірек кітап оқу керек.Асықпай,әр сөзіне назар аудара отырып,оқып

шығу,бірнеше рет түсініп оқуы керек.Талдауда мұғалім көпшілік балалардың пікірімен,ойымен танысуға мүмкіндік алады.

**9.02.2023жыл «Құқықтық сауаттылық – заман талабы»** атты мектепшілік **пікірсайыс турнирі» 8-9 сынып оқушылар арасында өткізілді.Төрт фракция ойын көрсетті. Аудандық дебатқа қазақ тобынан 9 сынып оқушылары Мирхамедова Гулдиана және Ганиева Севгина,орыс тобынан Шерметова Эллира және Атабек Жасмина жолдама алды.**

**12.02.2024 жыл** күні апталық жоспар құрылды,апталық жоспармен таныстырылды. Өткізілетін іс-шараларға дайындық жұмыстары жүргізілді. Тәуелсіз еліміздің болашағы жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, туған жері мен елін,сүюге оны қорғай білуге ,ой өрісін кеңейту, сөздік қорының молайтып тілдерінің дамуына ықпал ету мақсатында 5-11 сынып оқушылар арасында «Талантты жастар» өлең жаттау байқауы өткізілді. 7 «А» сынып оқушысы Хажиматова Самира І орынға ие болды.

